

Меркі ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы № 612 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 қазанда № 2339 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Меркі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меркі ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Меркі ауданы әкімінің орынбасары Төленді Беделбайұлы Рысқұлбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Копбосынов

Меркі ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 28 тамыздағы
№ 612 қаулысына қосымша

Меркі ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын), оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
		республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	550	0	13 881	0	5 000
2	Балабақшалар	810	432	18 896	24 877	5 000
	оның ішінде:					

Санаторлық балабақшалар	0	40	0	55385	0
Логопедтік балабақшалар	0	0	0	0	0
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (балабақша)	100	0	18 896	0	5 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК